

"Саяси партияларды қаржыландыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 166/314 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 25/189 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 14 желтоқсанда № 8191 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12-бабы 1) тармақшасына сәйкес және «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабы 3-тармағының негізінде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Саяси партияларды қаржыландыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5825 тіркелген, 2009 жылғы 14 қарашадағы № 46 (464) «Официальная газета» газетінде жарияланған) 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 166/314 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Саяси партияларды қаржыландыру ережесінде: алтыншы тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Саяси партияларды қаржыландыру Ортсайлауком Парламент Мәжілісінің партиялық тізімдер бойынша сайланған депутаттары ретінде тіркеген айдан басталады және Парламенттің келесі шақырылымының бірінші сессиясы ашылған күннен бастап не Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тағайындалған күннен б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

Парламент Мәжілісінің депутаттарын партиялық тізімдер бойынша сайлау өткізілетін жылы саяси партияларға республикалық бюджет қаражатынан төленетін сома осы Ереженің 3 және 4-тармақтарының және 6-тармағы бірінші абзацының талаптарын ескере отырып, нақтылануы тиіс.».

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аппаратының заң бөлімі осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулы 2012 жылғы бірінші қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
Төрағасы Қ. Тұрғанқұлов

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
хатшысы Б. Мелдешов

« К е л і с і л д і »

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

Б. Б. Жәмішев

2012 жылғы 26 қараша

« К е л і с і л д і »

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрі

Д. Қ. Мыңбай

2012 жылғы 29 қараша